

***Әдебиеттанушы ғалым,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор А.М.Мұсаевтың 70 жылдық  
мерейтойына арналған  
биобиблиографиялық көрсеткіш***

**Ақтөбе 2018**

**Әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А.М.Мұсаевтың 70 жылдық мерейтойына арналған библиографиялық көрсеткіш / Құраст. Шаншарова Г.И. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы. - 2018. – 22 бет.**

Библиографиялық көрсеткіш әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А.М.Мұсаевтың 70 жылдық мерейтойына арналған. Көрсеткіште ғалымның өмірі, ғылыми ұстаздық қызметі мен шығармашылығы енгізілді.

Әдебиеттер хронологиялық тәртіпте орналасқан.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

Басылымға жауапты:  
кітапхана директоры

Мазылбекова И.У.

Құрастырған:  
библиограф

Шаншарова Г.И.



## АЛПЫСБАЙ МҰСАҰЛЫ МҰСАЕВ

### АЛҒЫСӨЗ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Ғылыми кітапханасы белгілі әдебиеттанушы ғалым, Қазақстан Республикасы Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының мүше - корреспонденті, Францияның Халықаралық Конкорд Ғылым Академиясының мүше – корреспонденті, Қазақстан Республикасы Педагогикалық Ғылымдар Академиясының Академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевтың ғылыми шығармашылық еңбектері мен өмірі туралы жазылған биобиблиографиялық көрсеткішін дайындап, оқырманға ұсынып отыр.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Мұсаев Алпысбай Мұсаұлы қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар белгілі әдебиетші. Ғалымның іздену аясы мен қолтаңбасының негізгі ерекшелігі – әдебиеттану ғылымында зерттеу түрені өте сирек түскен қазақ сатирасының поэтикасын зерттеуінде. Осы бағытта жазылып жарық көрген «Жанды жүйе», «Поэтика казахской сатиры», «Қазіргі қазақ сатирасы», «Тарази тағылымы», «Мәңгі өлмес күлкі» атты монографиялары соның дәлелі іспетті. Зерттеу еңбектерінің тілі, қатып қалған қатаң схемадан ада, күрделі ұғымдарды жәй, қарапайым сөздермен ұғындыра білетін шеберлігімен ерекшеленеді.

Зерттеушінің тақырып аясы да кең. Қазақ сатирасымен қатар, қазіргі әдебиетіміздің жәй-күйі, аймақтық әдебиеттің көпқырлы проблемалары, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес экспедициялар ұйымдастырып, қорытындысы бойынша «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы», «Жеті жұрт көшкен жер», «Құт дарыған Мұғалжар», «Бабалар мекен

еткен жер», «Бақ қонған Байғанин» атты ғылыми және ғылыми көпшілік еңбектерін жазды.

Көрсеткіш қазақ және орыс, шет тілдерінде 1969 жылдан 2018 жылдың қазан айына дейін жарияланған материалдарды қамтып, бірнеше тараудан тұрады. Онда негізінен Алпысбай Мұсаевтың өмірі мен шығармашылығы, ғылыми еңбектері туралы әдебиеттер қамтылған. Биобиблиографиялық көрсеткіштегі бөлімдер бірнеше тақырыптарға жіктеліп, соған саятын материалдар алфавит бойынша орналастырылған. Жарияланған материалдардың негізгі тақырыптары А.Мұсаевтың шығармалары, әдеби мақалалары, өлеңдері, әңгімелері, публицистикасы; А.Мұсаевтың шығармалары мен ғылыми еңбектері туралы пікірлер, рецензиялар; А.Мұсаевтың ғылыми зерттеулері, монографиялары, ғылыми-әдістемелік еңбектері туралы.

Биобиблиографиялық көрсеткішті құрастыруда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасының кітап қоры, анықтамалық – библиографиялық аппараты (каталогтар, картотекалар, анықтамалық – ақпараттық қор), кітап палатасының басылымдары: баспасөз, мақалалар мен рецензиялар, газет, журнал мақалаларының шежірелері пайдаланылды.

Көрсеткіш көмекші құрал ретінде А.Мұсаев шығармаларының, есімдердің, басылым аттарының алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ізденушілер мен ғылыми қызметкерлерге, кітапханашыларға, мәдениет қызметкерлеріне, магистранттар мен студенттерге және кітап сүйгіш оқырман қауымға арналған.

## МҰСАЕВ АЛПЫСБАЙ МҰСАҰЛЫ

1948 жылы қарашаның 3-ші жұлдызында Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы «Дихан» ұжымшарындағы қызметкер жанұясында дүниеге келеді.

1966 жылы Қазақстан темір жолының Қазалы станциясындағы №420 қазақ орта мектебін бітірген. Сол жылы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне түсіп, оны филология мамандығы бойынша тәмамдаған.

1970 жылы Қазалы қаласындағы № 17 Ғани Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебінде оқытушы болып еңбек жолын бастайды. Кеңес Армиясы қатарында болып, азаматтық борышын өтеп оралғаннан кейін мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комсомол, партия органдарының жауапты қызметкері, облыстық «Орал өңірі» газетінде еңбек етіп, қызметін жалғастырады.

Профессор А.Мұсаевтың ғылыми-творчестволық қызметі 80 жылдардың басынан А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтымен тығыз байланысты. Профессор М.М.Тілеужанов жетекшілік ететін қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушылық қызметін бастап, қазақ сатирасы мен юморының теориялық мәселелерімен айналысады.

1990 жылы «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Институтта оқытушы, аға оқытушы, доцент (1992), қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (1992-1996ж) қызметтерін атқарады.

1996 жылдың қыркүйек айынан бастап бірыңғай ғылыми жұмысқа ауысып Әбу нәсір Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетінің мерзімді баспасөз кафедрасында профессор Т.Қожакеевтің жетекшілігімен докторантуралық дайындықтан өтіп, өзінің ғылыми біліктілігін шыңдайды.

1999 жылы «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990 жылдар)» деген тақырыпта Қазақтың Әбу Нәсір Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің мамандандырылған кеңесінде докторлық диссертациясын қорғайды.

1999 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры академиялық атағын алады. 2000-2003 жылдары Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

2003-2005 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарады.

2005 жылдың қазан айынан бастап Гуманитарлық зерттеулер институтының директоры.

Институт ғылым, білімді интеграциялау, гуманитарлық бағыттағы ірі ғылыми мектеп жасау, фундаментальды және қолданбалы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, аймақтық және мемлекеттік мәндегі кешенді ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында құрылған.

Университет жанынан құрылған Гуманитарлық зерттеулер институты оқу ордамыздың білім, ғылым саласындағы іргелі жетістіктерін көрсете білді. Сондай-ақ әлемдік, отандық ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасауды, ғылыми білім-біліктілікті кеңінен насихаттауды басты қағида ретінде ұстанды.

Институттың ғылыми қызметкерлері мемлекеттік және аймақтық маңызы бар кешенді ғылыми бағдарламаларға қатысып, мәдени мұраны соның ішінде қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін жасауды мақсат етіп алып, жұмыстар жүргізді.

Институт облыстық әкімшілік пен мәдениет басқармасының Мәдени мұра бағдарламасының грантын әлденеше рет иеленіп, ғылыми жобаларға қатысып келді.

Профессор Мұсаев А. Президенттің бастамасымен өмірге келген «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Ақтөбе облысының Әйтеке би, Қобда, Мұғалжар, Алға, Байғанин, Ойыл, Ырғыз, Мәртөк, Темір, Қарғалы аудандарының этномәдени мұрасын зерттеу – жинақтау бағытында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, оған басшылық жасады. Бұл жұмыстарда өзінің тәжірибелі маман, білікті ұйымдастырушылық қабілетін байқатып, отандық, алыс жақын шет ел ғылыми басылымдарында мәдени мұрамызды насихаттауда.

Институт ғалымдарының еңбегін елеген Еуропа Бизнес Ассамблеясы (ЕВА) мен Халықаралық Сократ Комитеті ҒЗИ ұжымын «Аймақтың үздік институттары» тізіміне енгізіп, оның басшысын «Жылдың үздік топ - менеджері» сыйлығымен марапаттады.

Үш тілде шығатын халықаралық «Гуманитарлық зерттеу мәселелері» журналының бас редакторы.

Мұсаев А.М. монографиялар мен оқу құралдарының, әдістемелік нұсқаулардың авторы. Негізгілері: «Қазіргі қазақ сатирасы» (монография, Алматы.: «Ана тілі» 1993), «Поэтика казахской сатиры» (учебное пособие Алматы.: изд. «Санат» 1997), «Жанды жүйе» (оқу құралы Алматы.: «Білім»

баспасы, 2002), «Рух бостандығының жыршысы» (монография, Ақтөбе, 2007), «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» (зерттеу еңбегі Ақтөбе, 2006), «Көркемдік кестесі» (әдеби зерттеулер Ақтөбе, 2007), «Көркем шығармадағы сатира» (оқу құралы Ақтөбе, 2007), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (оқу құралы Ақтөбе, 2007), «Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы» (1960-1970ж), «Тарази тағылымы» (Монография, Астана 2009ж. Фолиант), «Қанатты қаламгер» (Монография, Ақтөбе 2010 ж), «Әдебиет иірімдері» (әдеби зерттеулер, мақалалар жинағы, Ақтөбе 2011 ж), «Мәңгі өлмес күлкі» (Монография, Алматы 2012 «Жазушы» баспасы).

Жалпы көлемі 250 баспа табақтан аса ғылыми зерттеу еңбектері бар. Мақалалары ағылшын, орыс, араб тілдерінде жарияланған. Ол көптеген халықаралық, республикалық, аймақтық конференциялар мен симпозиумдарға қатынасып, қазіргі гуманитарлық ғылымдардың көкейкесті мәселелері бойынша баяндамалар жасады (Орал 1988, 1991,1998,2003, 2004, 2005, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011; Алматы 2003,2006, 2011; Орынбор 1992, Санкт-Петербург 1994, Атырау 2007, Ақтөбе 1990, 2003, 2004, 2005, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, Париж 2014, Ницца 2015).

2009 жылы профессор А.Мұсаевтың таңдамалы еңбектерінің III томдығы жарыққа шықты («Білім» баспасы, Алматы, 2009 жыл).

Мұсаев А.М. 1996 жылы Қазақстан Республикасының Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының сатира мен юмор саласы бойынша республикадағы бірден-бір жетекші маман болып саналады. Ізденушілер мен аспиранттардың, магистранттардың диссертациялық жұмыстарына жетекшілік етеді. Филология факультетінде қазақ әдебиеті тарихының қазіргі кезеңі сияқты күрделі пәндер мен арнаулы курс, арнаулы семинарлар жүргізіп, дәріс оқиды. Оның дәрістері жоғары мектеп талаптарына сай, өзінің тереңдігімен, жүйелігімен, танымдылығымен бағаланады.

Тәлімгер ғалым өзінің қаламгерлік қабілетімен де ерекшеленеді. Оның әдеби-сын, прозалық және поэзиялық туындылары мерзімді баспасөзде жарияланып тұрады. «Дария жыры» («Жалын» баспасы 1981 ж), «Жыр бесік» («Жалын», 1983 ж) ұжымдық жинақтарда, таңдамалы өлеңдері «Телқоңыр» атты («Өлке» баспасы, 1997) жеке жинақ болып жарияланған. Қазақстан Комсомолының 60 жылдығына арналған байқауында «Алау» поэмасы ынталандыру сыйлығына ие болды.

Ол үнемі оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жасайды. Оның басшылығымен оқушылардың ғылыми жобалары орындалады. Бұл жобалардың көпшілігі республикалық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болады.

Ұзақ жылғы жемісті педагогикалық еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы Білім беру саласының үздігі» белгісімен марапатталды.

Алпысбай Мұсаевтың есімі Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі шығарған «Қазақ әдебиеті» («Аруна» баспасы, Алматы 2005 ж.) энциклопедиясына, Қазақстан Жоғарғы мектеп энциклопедиясына (Алматы 2001ж.), Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясына (Алматы 2002 ж.) енген.

## **АЛПЫСБАЙ МҰСАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ АТАУЛЫ КҮНДЕРІ**

Алпысбай Мұсаев 1948 жылы 3 қарашада Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Дихан» ұжымшарындағы қызметкер жанұясында дүниеге келді.

- |                     |   |
|---------------------|---|
| <b>1956 ж.</b>      | Қазалы қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебіне барды  |
| <b>1966 ж.</b>      | Қазалы станциясындағы №420 Қазақстан темір жолы қазақ орта мектебін бітірді   |
| <b>1966-1970 ж.</b> | Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетін филология мамандығы бойынша бітірді |
| <b>1970-1971 ж</b>  | Қазалы қаласындағы №17 Ғани Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебінің оқытушысы  |
| <b>1971-1972 ж.</b> | Кеңес Армиясы қатарында болып, азаматтық борышын өтеді  |
| <b>1972-1973 ж.</b> | Қазақстан Комсомолы Қазалы аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі   |
| <b>1973-1975 ж.</b> | №100 Кеңтүп қазақ орта мектебі директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары   |
| <b>1975-1980 ж.</b> | Қазақстан Компартиясы Қазалы аудандық комитеті үгіт және насихат бөлім нұсқаушысы   |



- 1980-1982 ж.** Батыс Қазақстан облыстық "Орал өңірі" газеті партия тұрмысы бөлімінің тілші-корреспонденті
- 1982-1986 ж.** А.С.Пушкин атындағы Орал Педагогикалық институтының оқытушысы
- 1986-1989 ж.** А.С.Пушкин атындағы Орал Педагогикалық институтының аспиранты
- 1989-1995 ж.** А.С.Пушкин атындағы Орал Педагогикалық институтының оқытушысы, аға оқытушысы, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі
- 1996-1998 ж.** Қазақтың Әбу Нәсір Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті журналистика факультетіндегі мерзімді баспасөз кафедрасының аға ғылыми қызметкері
- 1996 ж.** Қазақстан Республикасының Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды
- 1999 ж.** «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990 жылдар)» деген тақырыпта Қазақтың Әбу Нәсір Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің мамандандырылған кеңесінде докторлық диссертациясын қорғайды
- 1999ж.** Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры академиялық атағын алады
- 2000-2003 ж.** Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі
- 2003-2005 ж.** Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры
- 2004 ж.** Білім және Ғылым министрлігі Жоғарғы Аттестациялық Комитетінің шешімімен әдебиеттану мамандығы бойынша профессор (ВАК) ғылыми атағы берілді
- 2005-2018 ж.** Гуманитарлық зерттеулер институтының директоры
- 2018ж.** Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

**АЛПЫСБАЙ МҰСАЕВТЫҢ 1986 -2018 ЖЫЛДАРЫ ЖАРЫҚ КӨРГЕН  
МОНОГРАФИЯЛАРЫ МЕН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ,  
ӘДЕБИ-ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ МЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
КІТАПТАРЫНЫҢ  
Т І З І М І**

**1986 жыл**

1. Сатира мен юморды мектепте оқыту мәселелері // Оқу-әдістемелік құрал // проф. Тілеужановпен бірлестікте жазылған, 1986 ж. Орал

**1988 жыл**

2. Орта мектептің жоғарғы кластарында еркін тақырыпқа шығарма жаздыру жолдары // Оқу-әдістемелік құрал, 1988 ж. Орал

**1989 жыл**

3. Білімдіден шыққан сөз // Оқу-әдістемелік құрал, 1989 ж. Орал, 2 б/т.

**1993 жыл**

4. Қазіргі қазақ сатирасы // Монография, «Ана тілі» баспасы, 1993 ж. Алматы, 6 б/т.

**1997 жыл**

5. Поэтика казахской сатиры // Учебное пособие, изд: «Санат» 1997 ж. Алматы, 11 п/л.

**2001 жыл**

6. Жанды жүйе // Оқу құралы, «Білім баспасы» 2001 ж. Алматы, 12 б/т.

**2002 жыл**

7. Қазақ сатирасының поэтикасы // Оқу бағдарламасы. Орал БҚМУ баспасы 2002 ж., 1,5 б/т.

**2003 жыл**

8. Сатира табиғаты // Оқу-әдістемелік құрал, АҚМУ – дін редакциялық баспа бөлімі, 2003 ж. Ақтөбе, 3 б/т.
9. Қазақ сатирасының поэтикасы // Оқу-әдістемелік құрал, АҚМУ – дін редакциялық баспа бөлімі, 2003 ж. Ақтөбе, 3б/т.

**2005 жыл**

10. «Сатира: қазақ сатирасының мәселелері» //Оқу-әдістемелік кешен, АҚМУ – дін редакциялық баспа бөлімі, 2005 ж. Ақтөбе, 2 б/т.

11. Рецензия // Қасымов Айтмұханбет Қасымұлы: Шығыс Қазақстан облыстық газетінің қалыптасу, даму кезеңдері (1931-2006): филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Алматы, 2005 жыл
12. Рецензия // Көпбаева Меруерт Рақымбегіқызы: Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркемдік таным және авторлық концепция: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Алматы, 2005 жыл

## **2006 жыл**

13. «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» // Зерттеу еңбек (Ғылыми-көпшілік басылым) Ақтөбе: «А-Полиграфия» 2006жыл, ISBN -777-26-8, 353 бет
14. «Көркем әдебиеттегі психологизм» атты магистранттарға арналған мамандыру пәнінің оқу бағдарламасы // Оқу-әдістемелік кешен, Қ.Жұбанов атын. АМУ Редакциялық баспа бөлімі Ақтөбе, 2006 жыл, 30 бет
15. «Қазіргі әдеби процесс» атты магистранттарға арналған мамандыру пәнінің оқу бағдарламасы // Оқу-әдістемелік кешен, Ақтөбе: Қ.Жұбанов атын. АМУ Редакциялық баспа бөлімі 2006 жыл, 28 бет
16. «Көркем шығарма генезисі, құрылысы және қызметі» атты магистранттарға арналған мамандыру пәнінің оқу бағдарламасы // Оқу-әдістемелік кешен, Ақтөбе: Қ.Жұбанов атын. АМУ Редакциялық баспа бөлімі 2006жыл, 38 бет
17. Рецензия // Неталиева Дармия Қайырбекқызы: Д.Исабеков повестеріндегі ұлттың мінез сипаты: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Алматы, 2006 жыл
18. Рецензия // Тоқболат Еңсегенұлы: Көне түркі ескерткіштерінің көркемдік жүйесі: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Алматы, 2006 жыл
19. Рецензия // Серік Асылбекұлы: Қазақ повесі (Генезис, эволюция, поэтика): филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Алматы, 2006 жыл

20.Рецензия // Г.А.Әбдіғаниева: Қадыр Мырзалиевтың ақындық шеберлігі: магистрлік диссертацияға даярлаған авторефераты. Ақтөбе, 2006 жыл

## 2007 жыл

21. «Рух бостандығының жыршысы» // Монография, Ақтөбе: «А-Принт» 2007 жыл, ISBN 9965-777-14-4, 105 бет

22. «Көркемдік кестесі» // Зерттеу еңбек (ғылыми мақалалар жинағы), Ақтөбе: «А-Принт» 2007 жыл, ISBN 9965-453-00-4, 149 бет

23. «Қазақ әдебиетінен оқу әдістемелік кешені» // Оқу құралы, Ақтөбе: «АПринт» 2007 жыл, ISBN 9965-777-21-7, 187 бет

24.Көркем шығармадағы сатира // Оқу құралы, Ақтөбе: «А-Принт» 2007 жыл, ISBN 9965-453-00-4, 110 бет

25. «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» атты магистранттарға арналған силлабус // Әдістемелік оқу құралы, Ақтөбе: Қ.Жұбанов атын. АМУ Редакциялық баспа бөлімі 2007 жыл. 33 бет

26.Рецензия // Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы: С.Мұқанов романдарындағы диалог қолдану ерекшелігі («Ботагөз», «Сырдария», «Аққан жұлдыз» романдары бойынша): филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Алматы. - 2007 жыл

27.Рецензия // Имашев Балғынбек Қалиұлы: Айтыстағы сатира мен юмор: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Астана, 2007 жыл

28.Рецензия // М.Б.Шындалиева: Қазақ әдебиетіндегі очерк жанрының поэтикасы: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Астана, 2007 жыл

29.Рецензия // Жанаева Шағангүл Алдамжарқызы: 1960-80 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және Қ.Мырза Әли шығармашылығы: филология ғылымдарының кандидаты

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация  
авторефераты. Алматы, 2007 жыл

## **2008 жыл**

30. Бисен Хазірет // Ғылыми-көпшілік басылым, Ақтөбе: «А-Принт», 2008 ж. 3 б/т
31. Асыл сөзді ардақтаған // Мақалар жинағы, Ақтөбе: «А-Принт», ISBN 9965-777-21-7, 2008ж. 163 бет
32. Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы // Зерттеу еңбегі // Ә.Мұхамбетқалиевпен бірлестікте жазылған. Ақтөбе: «А-Принт», ISBN 9965-777-15-2, 2008 ж. 107 бет
33. Рецензия // Б.Ж.Ерғалиева: Дүкенбай Досжан прозасының поэтикасы: магистрлік диссертациясына дайындаған авторефераты. Орал, 2008 жыл
34. Рецензия // Г.Е.Иманчиева: 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті және Сағыр Камаловтың әдеби мұрасы: магистрлік диссертациясына дайындаған авторефераты. - Ақтөбе, 2008 жыл
35. Рецензия // Жәкім Әсел: Қазақ балалар поэзиясы және Мұзафар Әлімбаевтың көркемдік тағылымы: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. - Алматы, 2008 жыл
36. Сабыр М., Мамыров А. «Шеберлік шыңы» немесе мастер класс // «Ана тілі» газеті, 2008 жыл, 25 қыркүйек

## **2009 жыл**

37. Алпысбай Мұсаев «Таңдамалы шығармалары» 1-ші том, // «Білім» баспасы ISBN 9965-453-00-4, 2009 ж. Алматы, 437 бет
38. Алпысбай Мұсаев «Таңдамалы шығармалары» 2-ші том, // «Білім» баспасы ISBN 9965-777-22-5, 2009 ж. Алматы, 359 бет
39. Алпысбай Мұсаев «Таңдамалы шығармалары» 3-ші том, // «Білім» баспасы ISBN 9965-777-22-5, 2009 ж. Алматы, 328 бет

40.Тарази тағылымы // Монография, Астана «Фалиант» баспасы, ISBN 9965-35-800-1, 120 бет

41.Рецензия // Үсенова Айгүл Әбдімүтәліпқызы: Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Алматы, 2009 жыл

42.Рецензия // Айтмұханбетова Жанат Әскербекқызы: Мифтің поэтикадағы қызметі: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Астана, 2009 жыл

43.Рецензия // Асанов Жұбаназар Асанұлы: Едіге жыры – тарихи – қаһармандық эпос: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Алматы, 2009 жыл

44.Рецензия // Өмірхан Әбдиманұлы: Ұлт-азаттық идеяның ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Алматы, 2009 жыл

45.Жолжанова Г. // «Нұрдаулет» газеті, 2009 жыл, 15 қыркүйек

## **2010 жыл**

46. Жандауа немесе емші Еңсепов феномені // Ғылыми көпшілік басылым, «Атамұра» баспасы 2010 ж. ISBN 9965-00-422-6, 263 бет

47.Қанатты қаламгер // Монография, Ақтөбе: «А-Принт» 2010 ж. ISBN 9965-777-22-5, 315 бет

## **2011 жыл**

48. Әдебиет иірімдері // Әдеби зерттеулер, мақалалар жинағы, Ақтөбе: «АПринт» 2011 ж. ISBN 9965-453-00-4, 375 бет

49. Исцеление души или феномен Еңсепова// Ақтөбе: «А-Принт» 2011 ж. ISBN 978-601-7273-33-0, 231 бет

50. Көркем проза шебері (Сайын Мұратбеков әңгімелері) // Ақтөбе, «Гуманитарлық зерттеу мәселелері» ғылыми мақалалар жинағы, 2011ж. № 11
51. Өмір және юмор // Ақтөбе, «Гуманитарлық зерттеу мәселелері» ғылыми мақалалар жинағы, 2011ж. № 12
52. Жем бойының жыршысы (Ғалым Ахмедов шығармашылығы) // Орал, Батыс Қазақстан гуманитарлық-инженерлік университеті. Конференция материалдарының жинағы. 28-29 сәуір 2011 ж.
53. Тәуелсіздік тарихының мәселелері және Бөкенбай Қарабатырұлы // Алматы, Абай атындағы ҚазПУ. Конференция материалдар жинағы, 17 мамыр, 2011 ж.
54. Қажымас жігер, қайсар дауыс. (Жанғали Набиуллин поэзиясы хақында) // Орал, «Жайықта бір Жанғали» кітабы. Эсселер, ғылыми мақалалар.
55. Ақтөбе өңірі топонимдерінің тарихи – лингвистикалық ерекшеліктері // Орал. М.Өтемісов атындағы БҚМУ. Конференция материалдарының жинағы 20 сәуір 2011ж.

## **2012 жыл**

56. «Мәңгі өлмес күлкі» (Монографиялар мен зерттеулер жинағы) // Алматы, «Жазушы», 2012 ж. 376 бет.
57. Шернияз шығармаларындағы сатиралық сарын. // Ақтөбе 2012 ж. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары
58. Тағылымы мол дүние // Ақтөбе 2012 ж. «Маңғыстауда Пір Бекет ата» кітабы. 384-386 б.
59. «Жайық бойының ақындары: дәстүр және көркемдік шешім» // Ақтөбе 27 қаңтар 2012 жыл. Аймақтың ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 60-67 бет.
60. «Н.Ф. Катанов – этнограф, фольклорист» // Орал. Батыс Қазақстан Гуманитарлық академиясы. 30-31 мамыр 2012 жыл. Халықаралық конференция материалдары

61. М. Мағауиннің прозасының поэтикасы // ГЗИ журналы №14, 2012 жыл
62. Ү. Уайдиннің сатирасы // ГЗИ журналы №15, 2012 жыл
63. Ой тегеуріні өзгеше. М. Қаназдың 70 жылдығына арналған ғылыми әдеби эссе // Алматы «Жалын» журналы №4, 2012 жыл
64. Мәдени мұра және аймақтық әдебиеттану мәселелері // Әдебиетті оқытудың өзекті мәселелері – аймақтық семинар материалдары Ақтөбе 2012 жыл
65. Рецензия // Хасанова Мейрамкүл Жаңағалиқызы: Қуаныш Жиенбай прозасы: шеберлік пен шешім: магистрлік диссертация авторефераты. Орал, 2012 жыл

## **2013 жыл**

66. Бұқарбай Естекбайұлы және ұлт азаттығы қозғалысы мәселелері // ГЗИ журналы №16, 2013 жыл
67. Сатиралық шығармалардың тілі // ГЗИ журналы №17, 2013 жыл
68. Ақтөбе өңірі этномәдени мұраларын зерттеу мәселелері // «Жұбанов тағылымы – VIII: Қазақстан түркі өркениеті мен тарихы тоғысында» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары, Қ. Жұбанов ат. АӨМУ, 4-5 наурыз 2013 жыл
69. Профессор М. М. Тілеужановтың ғылыми мұрасы және қазақ сатирасының мәселелері // «Қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімі: жаңа бағыттары және оқытудың инновациялық технологиялары» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Орал қаласы, 27 наурыз 2013 жыл
70. Сезім сәулеткері // ГЗИ журналы №18, 2013 жыл.
71. Рецензия // Алиев Басқар: Әнуар Дербісалиннің ғылыми – әдеби мұрасы: магистрлік диссертация авторефераты. - Ақтөбе, 2013 жыл
72. Рецензия // Ажуова Анаркүл: Б. Күлеевтің шығармасының мұрасы: магистрлік диссертация авторефераты. - Ақтөбе, 2013 жыл



73.Рецензия // Есбосынова Жансая: Қазіргі қазақ прозасының дамуы (тәуелсіздік кезеңдегі әңгіме, повестер негізінде): магистрлік диссертация авторефераты. - Ақтөбе, 2013 жыл

74.Баймұханов Б. Сөз сіңген жүрек // «Қазалы» газеті, 2013 жыл, 30 қазан

## **2014 жыл**

75. Қ.Жиенбай шығармаларындағы қазіргі қоғам бейнесі // ГЗИ журналы №20, 2014 жыл

76.Тұлпардың тұяғы (Мақала) // «Слово о разведчике. Барлаушы туралы сөз» ISBN 978-601-7433-56-1 Ақтөбе, «А-Полиграфия». 2014ж. – 260 бет

77.Representation of modern society in works of Kuanysh Zhienbai // «Көптілділік және мәдениеттер үнқатысымы» халықаралық ғылыми – теориялық конференция материалдар жинағы 25 сәуір 2014 жыл

78.Қанатты қаламгер (Дүкенбай Досжан прозасының поэтикасы) монография // ISBN 978-601-292-982-9 Монография. – Астана: Фолиант, 2014 жыл

79.«Оқушыларға еркін тақырыптар бойынша шығарма жаздыру жолдары» // АӨМУ. Республикалық ғылыми – практикалық семинар материалдары. Ақтөбе қ. 2014 жыл

80.«Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі және мемлекеттік тілдің қазіргі мәселелері» // Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі. Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Ақтөбе. 2014 жыл

81.«Әдеби тіл – көркем шығарма негізі» // Тілші-ғалым Отарәлі Бүркіттің туғанына 60 жыл толуына арналған «Профессор Отарәлі Бүркіт және тіл білімі мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Орал қ. 2014 жыл

82.«Көне түркі жазулары – Н.Ф. Катанов зерттеулерінде» // Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі. Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Ақтөбе қ. 2014 жыл.

## **2015 жыл**

83.The poetics of Humor in Kazakh children’s prose // Bulletin d’EUROTALENT-FIDJIP. 2015 №6, Paris, France

84.«Poetics of satirical image» // «Literature, Language and culture influenced by globalization», Monograph, Vienna. 2015 Volume

85.«The poetics of satire in Kazakh stories» // The Seventh European Conference on Languages Literature and Linguistics 14 th June 2015 Vien, Austria

86.«Айса Байтабынов – эпик жыршы» // «Қазақ әдебиеті және оны оқыту мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдарының жинағы. 19 маусым 2015 ж.

87.«Қазақ көркем прозасы және дискурс мәселелері» конференция материалдарының жинағы // БҚМУ Хабаршысы. Ғылыми журнал. 2015 ж. №2

88.Д.Досжанның «Қымыз» әңгімесінің көркемдік, поэтикалық, стильдік құрылымы // «Қазақ әдебиеті және оны оқыту мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдарының жинағы. 19 маусым 2015 ж.

89.Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Мәңгілік ел болуды мұрат тұтқан батыр бабалар: тарихи деректер, зерттеулер» Тақырыбы: «Табын Бөкенбай батырдың қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы рөлі» // Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдар жинағы. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты. Қостай 2015 жыл.

90.«Ырғыз аймағының табиғи және этномәдени мұралары» // ГЗИ журналы. Ақтөбе қ. 2015 жыл

91.«Сатира мектепте оқытудың кейбір мәселелері» // Қ.Жұбанов ат. АӨМУ. «Әдебиетті оқытудың өзекті мәселелері» Республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары. Ақтөбе қ. 2015 жыл.

- 92.«Бұқарбай Естекбайұлы және ұлт азаттығы қозғалысы мәселелері» // БҚМУ хабаршысы. Ғылыми журнал. Орал қ. 2015ж. №2
- 93.«Қазақ әңгімелеріндегі сатира поэтикасы» // The Seventh European Conference on Languages Literature and Linguistics. Vienna, 2015
- 94.«Шуақ шашқан шебер» // БҚМУ Хабаршысы. Ғылыми журнал. Орал қ. 2015 жыл
- 95.Қазақ драматургиясы (оқу құралы) // (жоғары оқу орындарының 0N0205 – Филология дайындау бағыты бойынша магистратурада, 050205 – Филология, 050117 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша бакалавриатта оқытылатын студенттерге арналған оқу құралы). – Ақтөбе, 2015. – 290 бет.
- 96.Жиырманшы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті (оқулық) // (жоғары оқу орындарының 0N0205 – Филология дайындау бағыты бойынша магистратурада, 050205 – Филология, 050117 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша бакалавриатта оқытылатын студенттерге арналған оқулық). – Ақтөбе, 2015. – 290 бет.
- 97.«Ұлы Отан соғысы және қазақ әдебиеті» // ГЗИ журналы. Ақтөбе қ. 2015 ж. №22

## **2016 жыл**

- 98.«Poetics of satire» // Париж, ЖИПТО баспасы, 2016 жыл«The bells of my heart» // «Жүрегімнің қоңыраулары»: Өлеңдер жинағы – Вена, «East West» баспасы, 2016 жыл
- 99.«Бір сәт және бүкіл ғұмыр» // Фотобаяндар мен фотоэсселер жинағы. Ақтөбе қаласы. ПринтА баспаханасы. 2016 жыл
100. Рецензия // Утарбаева Нұрлыгүл: Әкім Тарази прозасының поэтикасы: магистрлік диссертация авторефераты. - Ақтөбе, 2016 жыл

## **2017 жыл**

101. «Бір сәт және бүкіл ғұмыр»: Фотобаяндар мен фотоэсселер жинағы. Ақтөбе қаласы. ПринтА баспаханасы. 2017 жыл
102. World about the poet Zharaskan Abdrashev / Title of the books is English, the main part is Kazakh language. 2017
103. The poetics of Humor in Kazakh children's prose // Bulletin d'EUROTALENT-FIDJIP. France, Paris, Editions du JIPTO, 2017
104. Argamak of Kazakh poetry // Bulletin d'EUROTALENT-FIDJIP., Editions du JIPTO, 2017, France, Paris
105. «Шерхан Мұртаза шығармашылығы осы заман контексінде» // «Гуманитарлық зерттеулер мәселелері» ғылыми мақалалар жинағы №25, 2017
106. Training Tynymbai // Questions of humanitarian researchers' the collection of scientific articles №26, 2017
107. Фольклорные традиции казахской сатиры // Материалы Международной научной конференции, посвященной 85-летию Федерального государственного бюджетного учреждения науки Институт истории, языка и литературы Уфимского научного центра РАН г.Уфа, 1-4 июня, 2017 г.
108. «The poetics of satire in Kazakh stories» // The Seventh European Conference on Languages, Literature and Linguistics. 14 th June 2017/60, Vien, Austria
109. «Диалог – дискурс негіздерінің бірі» // Сборник международной научной конференции «Актуальные проблемы теории дискурса» Ақтөбе, 2017 г.
110. Сатираны мектепте оқытудың кейбір мәселелері // «Білім берудегі инновациялар: бағдарлар мен үрдістер» ІХ халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы. – 2017 ж.
111. Д.Досжанның «Қымыз» әңгімесінің көркемдік, поэтикалық, стильдік құрылымы // «Қазақ әдебиеті және оны оқытудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Республикалық ғылыми-әдістемелік семинар жұмысының жинағы. Астана – 2017 ж.

112. Табын Бөкенбай батыр және қазақ әдебиеті мен тарихының мәселелері // XVIII ғ. Жоңғар шапқыншылығына қарсы алғашқы болып жеңіс жолын бастаған, үш жүздің біріккен әскерінің бас қолбасшысы, сардар, саясаткер Табын Бөкенбай батыр Қарабатырұлының туғанына 350 жыл толуына байланысты іс-шара. Ақтөбе, 1 қараша 2017 жыл.
113. «Тюрксий фольклор в аспекте исторического изучения» онлайн-семинар // г.Актобе, Конференц зал АРГУ им. К.Жубанова, 4 апреля 2017 г.
114. Қазақ поэзиясының дала образы // «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі IX халықаралық ғылыми конференция.

## 2018 жыл

115. Қазіргі қазақ әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2018. – 284 бет
116. Қазақ драматургиясы: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2018. – 180 бет
117. Reflection of Kazakh traditional culture in the sphere of language. CURRENT SCIENCE' a Fortnight Journal of Research 2018
118. Рецензия // Асанова А.: Т.Нұрмағамбетов шығармашылығындағы ауыл адамдарының бейнеленуі: магистрлік диссертация авторефераты. – Ақтөбе, 2018 ж.
119. Баян Бораш зерттеулеріндегі хандар бейнесі // Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
120. Жетінші асу. // Әдеби – ғылыми мақалалар, сұхбат, толғаныстар. – Ақтөбе, 2018 - 432 бет
121. Еркін ойлы қаламгер // XX – XXI ғасырдағы әдебиет пен өнердегі Әкім Тарази шығармашылығының феномені. – Астана, 2018 жыл.
122. Барады күндер алға асып // «Үш таған» журналы, 2018, № 10, 38-39 бет

*Құрметті оқырмандар!*

*Ұсынылып отырған кітаптармен кітапханада танысуға болады*